

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы



БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы – Ректор

А. Куришбаев

03 2025 ж.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі-Оқу-әдістемелік
бірлестігі қызметі туралы
ЕРЕЖЕ

Е ҚазҰАЗУ РОӘК-ОӘБ - 450

Келісімделген

Сапа жөніндегі басшылық өкілі


М. Алексеева

Әзірлегендер:

А.Абдыров, Г.Алпысбаева, Ж.Кенжебекова.

Келісімделді:


Басқарма Төрағасы-Ректордың
Бірінші орынбасары


(ҚОЛЫ)
«26» 03

П.Ибрагимов

2025 ж.


Басқарма Төрағасы
Ректордың орынбасары


(ҚОЛЫ)
«26» 03

А.Абдыров

2025 ж.


Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры


(ҚОЛЫ)
«26» 03

Г.Алпысбаева

2025 ж.


Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы


(ҚОЛЫ)
«26» 03

С.Ордабаева

2025 ж.

СМЖ Қызметінің жетекшісі


(ҚОЛЫ)
«26» 03

А.Мыржиева

2025 ж.

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітіліп, қолданысқа енгізілді.**

(№ 9 хаттама, « 26 » 03 2025 ж.)

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР.....	5
3. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	5
4. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ.....	6
5. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	7
6. ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ.....	7



1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ереже Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі –Оқу-әдістемелік бірлестігінің (бұдан әрі – РОӘК-ОӘБ) «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» бағыттары бойынша кадрлар даярлау қызметін реттейді және «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Университет) базасында әзірленді. Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің» 15-бабының 41-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 8 тамыздағы № 400 бұйрығымен бекітілген «Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің және кадрлар даярлау бағыттары бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктердің қызметі туралы ережеге» сәйкес әзірленді.

1.2. РОӘК-ОӘБ тікелей «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы – Ректорына бағынады.

1.3. Университет базасындағы РОӘК-ОӘБ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша кеңесші-консультативтік жұмыс органы болып табылады.

1.4. РОӘК-ОӘБ құрамына төраға, оның орынбасары, хатшы, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» бағыттары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдері, жұмыс берушілер, жұмыс берушілер қауымдастықтары және басқа да мүдделі органдардың өкілдері кіреді.

1.5. РОӘК-ОӘБ өз қызметінде келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым және техникалық саясат туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңдары;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген 2023–2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жоғары білім және ғылымды дамыту тұжырымдамасы;

- білім беру ұйымдарының қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидалары;

- білім беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) бұйрықтары мен қаулылары;

- Университет Жарғысы;

- Университеттің білім беру сапасы саласындағы Саясаты мен Мақсаттары;

- Университеттің ішкі рәсімдері мен бұйрықтары;

- ISO 9001:2015 халықаралық сапа стандартының талаптары;

- ISO 37001:2016 халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің талаптары;

- осы Ереже және ғалым хатшының лауазымдық нұсқаулығы.

1.6. РОӘК-ОӘБ жұмыс тәртібі Университетте бекітілген ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес айқындалады.

2. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

2.1. Университет базасындағы РОӘК-ОӘБ негізгі міндеттері:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, жұмыс берушілер өкілдерінің және басқа да ұйымдардың өзара әрекеттестігін жүзеге асыру арқылы «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ішкі және сыртқы сапа қамтамасыз ету жүйелерін жетілдіру;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік міндетті стандарттарын, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» бағыттары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының классификаторын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп, кәсіби стандарттарды әзірлеуге және жаңартуға қатысу;
- РОӘК грифін беру үшін ұсынылған оқу басылымдарына сараптама және рецензиялау жүргізу;
- жоғары оқу орындары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінде оқу үдерісінде жариялау және пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жаппай ашық онлайн курстарға сараптама жүргізу;
- Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) және кешенді тестілеу пәндерін анықтау бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінде инклюзивті ортаны қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйесін құру бойынша халықаралық тәжірибені талдау және қорытындылау;
- оқу-әдістемелік оқыту семинарларын, тренингтер, вебинарлар, шеберлік сыныптары мен конференциялар өткізу.

3. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

3.1. РОӘК – ОӘБ-тің құрылымы РОӘК–ОӘБ Төрағасы – Басқарма Төрағасы– Университет Ректорымен бекітіледі

3.2. РОӘК-ОӘБ құрамына:

- төраға
- төраға орынбасары
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өкілдері
- ОӘБ хатшысы
- секция координаторлары
- мүшелері кіреді.

3.3. Кеңестің қызметін Басқарма Төрағасы – Ректор немесе Басқарма Төрағасы – Ректордың орынбасары басқарады.

3.4. РОӘК-ОӘБ-тің ұйымдастырушылық құжаттамасы ҚазҰАЗУ 402-23 ІНҚ сәйкес әзірленеді.

4. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

4.1. РОӘК-ОӘБ қызметі:

- Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін дамыту тәсілдерін ұлттық біліктілік шеңбері, салалық біліктілік шеңберлері және кәсіби стандарттарға сәйкес әзірлеуге;
- Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту стратегиясын қалыптастыруға қатысу, оны жаһандық білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті етуге бағыттауға;
- білім беру үдерісін өзгермелі жағдайлар мен жаһандық сын-тегеуріндерді ескере отырып, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуге;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ішкі және сыртқы сапаны қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру әдістері мен тәсілдерін әзірлеуге;
- ұлттық біліктілік шеңбері, салалық біліктілік шеңберлері және кәсіби стандарттарға сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағыттары бойынша оқу нәтижелерін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;
- еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және үздіксіз білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша ұсыныстар дайындауға;
- инновациялық оқыту әдістері мен технологияларын енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту мәселелері бойынша құжаттар жобаларын әзірлеу мен сараптауға қатысуға;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруға қатысуға;
- ғылым және жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларын іске асыру параметрлерін (кадрлық, әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету) ескере отырып, мониторинг жүргізу, білім беру бағдарламаларын Білім беру бағдарламаларының тізіліміне қосу немесе одан шығару бойынша ұсыныстар әзірлеуге (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жүзеге асыратын білім беру бағдарламалары тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын тізілімге енгізу және одан шығару негіздері туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30139 тіркелген) №106 бұйрығына сәйкес);
- РОӘК-ОӘБ грифімен оқу басылымдарының тақырыптық жоспарларын қалыптастыруға бағытталған.

5. ҚҰҚЫҚТАРЫ

5.1. Университет базасындағы РОӘК-ОӘБ құқылы:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды РОӘК-ке енгізуге;
- «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» білім беру салалары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан ОӘБ-ге жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті ақпараттық және басқа да материалдарды сұратуға және алуға;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысын дамыту мәселелерін, сондай-ақ өзінің құзыретіне кіретін басқа да мәселелерді зерттеу және ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс топтарын құруға;
- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік конференцияларды, семинарларды және дөңгелек үстелдерді ұйымдастыруға қатысуға құқылы.

5.2. РОӘК-ОӘБ мүшелері құқылы:

- Білім сапасын жетілдіру мәселелерін талқылауға қатысуға;
- ОӘБ-ге жүктелген функцияларды орындау үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан ақпарат пен қажетті материалдарды сұратуға және алуға;
- Күн тәртібін ақпараттандыру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- ОӘБ шешімдерін онлайн дауыс беру арқылы немесе жеке қатысу мүмкін болмаған жағдайда жазбаша түрде қабылдауға қатысуға;
- ОӘБ құрамына енгізу бойынша жаңа үміткерлерді ұсынуға құқылы.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

6.1. Университет базасындағы РОӘК-ОӘБ осы Ережеде көзделген міндеттер мен функцияларды сапалы және уақтылы орындау үшін толық жауапкершілік РОӘК-ОӘБ хатшысына жүктеледі.

6.2. Университет базасындағы РОӘК-ОӘБ-тің басқа қызметкерлерінің жауапкершілік деңгейі құқықтары мен міндеттері туралы нұсқаулықтармен белгіленеді.